

Энергетика жүйесін жекешелендіру шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 12 қараша N 512-ө

Электр энергетикасындағы Жекешелендіру мен қайта құрылымдау бағдарламасына және "Қазақстан Республикасының энергетика жүйесін басқаруда құрылымдық қайта құру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі N 1188 Р961188_ қаулысын дамытуға сәйкес, жекешелендіру процесінің тиімділігін арттыру мақсатында:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі:

энергетика саласындағы ірі объектілерді, оның ішінде "Қазақстанэнерго" ұлттық энергетика жүйесін жекешелендіруді электр энергетикасының кәсіпорындарына стратегиялық инвесторларды тарту мақсатында халықаралық консалтингтік фирмаларды міндетті түрде қатыстыра отырып тек тендерлік негізде жүзеге асырсын; ай сайын Үкіметке осы өкімнің орындалуы туралы ақпарат берсін.

Премьер-Министр